

Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар белгілеу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Исатай ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 14 желтоқсандағы № 203 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 20 желтоқсанда № 4-4-189 тіркелді. Күші жойылды - Исатай ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 7 ақпандағы № 21 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Исатай ауданы әкімдігінің 2012.02.07 № 21 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 қыркүйектегі "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық Заңының 28 бабы негізінде аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1 қосымшасына сәйкес аумақтық сайлау комиссиясымен келісе отырып, Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және облыстық, аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындары белгіленсін.

2. Осы қаулының 2 қосымшасына сәйкес, мемлекеттік органдарға Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларында көзделген тәртіпке сәйкес келісім-шарт негізінде Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және облыстық, аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлар бөлінуін қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Р. **Өтеғалиевке** жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Б. Қарабаев

К е л і с і л д і :

Аудандық аумақтық сайлау

комиссиясының төрағасы:

Р. Карабалина

13.12.2011 жыл

Аудан әкімдігінің

2011 жылғы 14 желтоқсанның № 203

қаулысына 1 қосымша

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және облыстық, аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру орындарының тізбесі

№	Селолық округ атауы	Орналасқан жері
1	Аққыстау селолық округінде	Сары-Арқа көшесі мен Д. Абилхайров көшесінің қиылысындағы стенд
		Үбі батыр көшесінде орналасқан ақпараттық тақта
		Е. Қазақстан көшесінде орналасқан ақпараттық тақта
		Жалтыр көшесі мен Қазына көшесінің қиылысындағы стенд
		17 бекет орталық алаңда орналасқан ақпараттық тақта
2	Қамысқала селолық округінде	Жас-Алаш көшесі мен Ынтымақ көшесінің қиылысында орналасқан ақпараттық тақта
		Баксай көшесі мен И. Шөкетаев көшесінің қиылысындағы ақпараттық тақта
3	Тұщықұдық селолық округі	Қамысқала көшесінің бойында орналасқан ақпараттық тақта
		Ғ. Рамазанов көшесінің бойында орналасқан ақпараттық тақта
		Ш. Шәріпов көшесінің бойында орналасқан ақпараттық тақта
4	Жанбай селолық округі	"Қызыл үй" елді мекені, орталық алаңда орналасқан ақпараттық тақта
5	Нарын селолық округі	З. Құрасұлы көшесінің бойында орналасқан ақпараттық тақта
6	Забурын селолық округі	Болат жол көшесінің бойында орналасқан ақпараттық тақта
7	Исатай селолық округі	Жастар көшесінің бойында орналасқан ақпараттық тақта
		И. Тайманов көшесінің бойында орналасқан ақпараттық тақта

А у д а н ә к і м д і г і н і ң

2011 ж ы л ғ ы 14 ж е л т о қ с а н н ы ң № 203

қаулысына 2 қосымша

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі және облыстық, аудандық мәслихат депутаттығына кандидаттарға сайлаушылармен кездесу үшін үй-жайлар бөлінуін қамтамасыз етуге жауапты мемлекеттік орган

№	Мемлекеттік орган атауы	Басшысы	Телефон, факс	Мекен-жайы
	Аудандық қаржы бөлімі	Кадыржанова Райхан Ғалымқызы	8 (71231) 20338,20383	Аққыстау селосы Е. Қазақстан көшесі - 12